

"Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасын бекіту туралы" Петропавл қалалық мәслихатының 2013 жылғы 27 желтоқсандағы N 6 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық мәслихатының 2014 жылғы 30 сәуірдегі N 3 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментімен 2014 жылғы 4 маусымда N 2817 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық мәслихатының 2023 жылғы 24 қарашадағы № 2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық мәслихатының 24.11.2023 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 2-3-тармағына, "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21-бабы 1-тармағына, "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысына сәйкес, Петропавл қалалық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасын бекіту туралы" (2014 жылғы 24 қаңтардағы нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркелу тізілімінде № 2515 тіркелді, 2014 жылғы 29 қаңтардағы № 5 "Қызылжар Нұры", 2014 жылғы 29 қаңтардағы № 4 "Перспектив СК" газеттерінде жарияланды) Петропавл қалалық мәслихатының 2013 жылғы 27 желтоқсандағы № 6 шешіміне мынадай өзгерту енгізілсін:

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасының көрсетілген шешімінің 2 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен соң он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

төрайымы

А. Сатин

"КЕЛІСІЛДІ"

Солтүстік Қазақстан облысының әкімі

хатшысы

Л. Жалмұқанова

С. Ескендіров

Петропавл қалалық мәслихаттың
2014 жылғы 30 сәуірдегі № 3
шешіміне қосымша
Әлеуметтік көмек көрсетудің,
оның мөлшерлерін белгілеудің және
мұқтаж азаматтардың жекелеген
санаттарының тізбесін айқындаудың
қағидасына
2 қосымша

Алушылар санатының тізбесі, әлеуметтік көмектің шекті мөлшерлері, өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмекке өтініш білдіру мерзімдері

№ р/с	Әлеуметтік көмек алушылардың санаты	Жан басына шаққандағы орташа табыстың күн көрістің ең төменгі деңгейіне еселі ара қатынасы	Әлеуметтік көмектің атауы	Әлеуметтік көмектің шекті мөлшері	Әлеуметтік көмек көрсету еселігі	Әлеуметтік көмекке өтініш білдіру мерзімдері
1	Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, сондай-ақ жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген тұлғаларға	Табыстарын есепке алмай	Тіс протездеуге	Тіс протездеу құны (бағалы металдар мен металллокерамика, металлоакрилден жасалған протездерден басқа)	2 жылда бір реттен артық емес	Өмірлік қиын жағдай туындаған күннен бастап 6 айдан кешіктірмей
	Ұлы Отан соғысының					

2	қатысушылар ы мен мүгедектеріне , сондай-ақ жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушылар ы мен мүгедектеріне теңестірілген тұлғаларға	Табыс- тарын есепке алмай	Сана- торлық- курорт- тық ем- делуге	Қазақстан Республи- касының санато- рийлері мен про- филакто- рийлерін- де сана- торлық- курорттық емделу құны	Жылына бір реттен артық емес	Өмірлік қиын жағдай туындаған күннен бастап 6 айдан ке- шіктірмей
3	Төтенше жағдайлар салдарынан зардап шеккен отбасыларға (а- заматтарға)	Табыс- тарын есепке алмай	Төтенше жағдай- ларға байла- нысты	70 айлық есептік көрсеткіш	Біржолғы	Өмірлік қиын жағдай туындаған күннен бастап 6 айдан ке- шіктірмей
4	Жетім балаларға, мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алуға кезекте тұрған ата-анасының камқорлығын сыз қалған балаларға	Табыс- тарын есепке алмай	Әлеу- меттік қолдау- ға	12 айлық есептік көрсеткіш	Токсан сайын	Өмірлік қиын жағдай туындаған күннен бастап 3 айдан ке- шіктірмей
5	Төрт және одан көп бірге тұратын кәмелетке толмаған балалары бар, мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алуға кезекте тұрған толық емес көп балалы отбасыларға	1 күн- көрістің ең төменгі деңгейі	Әлеу- меттік қолдау- ға	12 айлық есептік көрсеткіш	Токсан сайын	Өмірлік қиын жағдай туындаған күннен бастап 3 айдан ке- шіктірмей
	Ұлы Отан соғысының					

6	<p>қатысушылар ы мен мүгедектеріне , сондай-ақ жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушылар ы мен мүгедектеріне теңестірілген тұлғаларға, сондай-ақ Семей ядролық сынақ полигоны аймағында зардап шеккен адамдарға, темір жол ((плацкарт вагон), автомобильді к жолаушылар көлігімен ((таксиден басқа) жөнелту станциясынан көрсетілген көлік құралдарыны ң біреуімен Қазақстан Республикасы аумағы бойынша госпитальдау орнына дейін бару және кейін қайту жолына</p>	Табыс- тарын есепке алмай	Госпи- таль- деуге бару жолына	Жол ақысының 100 пайызы	Жылына 1 рет	Өмірлік қиын жағдай туындаған күннен бастап 6 айдан ке- шіктірмей
	А з қамтамасыз етілген отбасылардан шыққан, Солтүстік					

7	Қазақстан облысының жоғары оқу орындарында оқитын, мемлекеттік жалпы білім алуға гранттар мен кредиттерге иегер болмаған, күндізгі оқу түрі бойынша оқитын студенттерге	1 күн-көрістің ең төменгі деңгейі	Оқу ақысын төлеуге	Тиісті оқу жылының оқу құны	Жарты жылда 1 рет	Өмірлік қиын жағдай туындаған күннен бастап 6 айдан кешіктірмей
8	Петропавл қаласына тұрақты жұмысқа келуші медициналық жоғары оқу орындарының дәрігерлері мен түлектеріне біржолғы әлеуметтік көмек көрсету	1 күн-көрістің ең төменгі деңгейі	Әлеуметтік қолдауға	110 айлық есептік көрсеткіш	Біржолғы	Өмірлік қиын жағдай туындаған күннен бастап 6 айдан кешіктірмей